

Қарқаралы ауданы әкімінің 2019 жылғы 24 мамырдағы № 3 "Төтенше жағдай жариялау туралы" шешімін жою туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 5 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 20 қарашада № 5529 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес, Қарқаралы ауданының әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қарқаралы ауданы әкімінің 2019 жылғы 24 мамырдағы № 3 "Төтенше жағдай жариялау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 5364 болып тіркелді, 2019 жылы 08 маусымдағы "Қарқаралы" газетінің № 23 (11718) санында, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2019 жылы 30 мамырда жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

.

Аудан әкімі

К. Максұтов